

ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ
Қарыз алушы - Занды тұлғалар (ЖШС, АҚ және т.б.) үшін
стандартты қарастыру

№	Құжаттар	Ескертпе
1.	Заң құжаттары	
1.1.	Қарыз алушы қол қойған кредиттік құралды алу туралы өтініш, БКБ, МКБ, МДҚ, өзге де мемлекеттік және мемлекеттік емес уәкілетті органдардан ақпарат алуға/беруге, сондай-ақ Қарыз алушыдан дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім	Түпнұсқасы/ЭЦҚ қол қойылған электрондық құжат
1.2.	Қарыз алушының сауалнамасы	Түпнұсқасы
1.3.	Қарыз алушының және аффилирленген компаниялардың құрылтай және тіркеу құжаттары (АҚ үшін қосымша құжаттар тізбесі*)	Көшірмесі
1.4.	Қызметті жүзеге асыруға арналған лицензия (егер қызмет лицензияланатындар санатына жататын болса)	Түпнұсқасы/Электрондық құжат
2.	Қаржылық құжаттар	
2.1.	1) Соңғы есепті күнге және соңғы екі жылға арналған қаржылық есептілік (тоқсан сайын, жинақтау қорытындысы бойынша); 2) Соңғы есепті күнге арналған салық декларациясы; 3) Соңғы есепті күнге арналған бухгалтерлік баланс баптары бойынша шот карточкалары (тазартылмаған баланс валютасының 5%-нен астамы); 4) 1000 «Ақшалай қаражат», 6000 «Өнімді сату мен қызмет көрсетуден түскен табыс» бөлімшелерінің шот карточкалары; 5) Соңғы есепті күнге арналған айналым-сальдо тізімдемесі.	Қаржылық есептілік, жазбалар, есептер - Қарыз алушының мөрімен және қолымен расталған түпнұсқасы; Салық кабинетінен алынған электрондық құжаттар
2.2.	Аудиторлық есеп (аудит міндетті болып табылатын заңды тұлғалар бойынша)	Көшірмесі/электрондық құжат
2.3.	Қызмет көрсетуші банктен соңғы 12 ай үшін айдың басы мен аяғындағы жағдай бойынша кіріс және шығыс ақша қалдығы көрсетілген, шот бойынша айналымы бар шот бойынша үзінді көшірме. Қызмет көрсетуші банктерден кредиттік міндеттемелер бойынша берешектің және шоттар бойынша берешектің болуы/ болмауы (тыйым салу, шығыс операцияларын тоқтата тұру) туралы анықтамалар	Түпнұсқасы/ЭЦҚ бар электрондық құжат
2.4.	Салық берешегінің жоқ (бар) екендігі туралы анықтама/мәліметтер	Түпнұсқасы/мемлекеттік уәкілетті органның/өзге ұйымның сайтынан алынған электрондық құжат
3.	Кепіл бойынша құжаттар	
3.1.	Кепілмен қамтамасыз ету бойынша құқық белгілейтін құжаттар	Түпнұсқамен салыстырылған көшірмелер
3.2.	Тәуелсіз бағалаушының кредит берілген кездегі жылжымайтын және жылжымалы мүлікті бағалау туралы есебі	Түпнұсқасы

Кепілгерлер/Кепіл берушілер (жеке және заңды тұлғалар) үшін құжаттардың жеке тізбесі ұсынылады

Кепілгерлер/Кепіл берушілер (жеке тұлғалар) үшін:

№	Құжаттар	Ескертпе
1.	Кепілгердің/Кепіл берушінің жеке басын куәландыратын құжат	Цифрлық құжат
2.	Егер Кепілгердің табысы Қарыз алушының қаржылық көрсеткіштеріне қатысса, келесі құжаттарды ұсынады: - Кепілгердің еңбекақысын және (немесе) өзге де кірістерін көрсететін және растайтын құжаттар/Кепілгер-жеке тұлғаның жеке шоты бойынша жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірме, Кепілгер бойынша соңғы алты ай үшін	Түпнұсқасы/мемлекеттік уәкілетті органның/өзге ұйымның сайтынан алынған электрондық құжат
3.	БКБ-дан, МКБ-дан, МДҚ-дан, өзге де мемлекеттік және мемлекеттік емес уәкілетті органдардан ақпарат алуға/беруге, сондай-ақ дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім	Түпнұсқасы/ЭЦҚ қол қойылған электрондық құжат

Кепілгерлер/Кепіл берушілер үшін (занды тұлғалар (ЖШС, АҚ және т.б.):

№	Құжаттар	Ескертпе
1.	Қарыз алушының және аффилирленген компаниялардың құрылтай және тіркеу құжаттары (АҚ үшін қосымша құжаттар тізбесі*)	Көшірмесі
2.	Егер Кепілгердің/Кепіл берушінің табысы Қарыз алушының қаржылық көрсеткіштеріне қатысса және шоғырландырылса, онда салық декларациясын қоса бере отырып, Кепілгердің/Кепіл берушінің және аффилирленген компаниялардың соңғы есепті жыл үшін қаржылық есептілігі сұратылады	Қаржылық есептілік, жазбалар, есептер - Кепілгер/Кепіл берушінің мөрімен және қолымен расталған түпнұсқасы. Салық кабинетінен алынған электрондық құжаттар <i>Кепілгердің/Кепіл берушінің қаржылық есептілігіне қойылатын талаптар Қарыз алушының қаржылық есептілігіне қойылатын талаптарға ұқсас (Қарыз алушы ұсынатын құжаттардың тізбесі мен түрін қараңыз)</i>
3.	Егер Кепілгердің/Кепіл берушінің табысы Қарыз алушының қаржылық көрсеткіштеріне қатысса және шоғырландырылса, онда салық берешегінің жоқ (бар) екендігі туралы анықтама/мәліметтер сұратылады	Түпнұсқасы/мемлекеттік уәкілетті органның/өзге ұйымның сайтынан алынған электрондық құжат
4.	БҚБ-дан, МҚБ-дан, МДҚ-дан, өзге де мемлекеттік және мемлекеттік емес уәкілетті органдардан ақпарат алуға/беруге, сондай-ақ дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім	Түпнұсқасы/ЭЦҚ қол қойылған электрондық құжат

***АҚ үшін қосымша құжаттар тізбесі:**

№	Құжаттар	Ескертпе
1.	Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында Қарыз алушының/Кепіл берушінің/Кепілгердің ірі мәміле жасағаны туралы мемлекеттік және басқа тілдердегі хабарландыру - егер қаржыландыруды тарту/қамтамасыз етуді ұсыну АҚ үшін ірі мәміле болып табылған жағдайда ұсынылады	Көшірмесі
2.	Банкке жүгінген күнгі жағдай бойынша Қарыз алушының жарғылық капиталындағы жай акциялардың (қатысу үлестерінің) он және одан да көп процентін иеленетін Қарыз алушының жарғылық капиталындағы үлестің барлық меншік иесі туралы ақпаратты ашатын тізілімінен үзінді көшірме/Қарыз алушының жай акцияларының 10 және одан да көп процентін иеленетін акцияларды ұстаушылардың тізілімі	Көшірмесі және түпнұсқасы
3.	Қарыз алушының/Кепіл берушінің/Кепілгердің бағалы қағаздарын ұстаушылар тізілімі не бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімінен үзінді көшірме, не акционерлердің тиісті жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімін жасау күніндегі жағдай бойынша бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесінде немесе орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі бағалы қағаздарды ұстаушының дербес шотынан үзінді көшірме - Акционерлердің жалпы жиналысының шешімін ресімдеу кезінде не шешімді қабылдау күніндегі жағдай бойынша - Жалғыз акционердің шешімі ұсынылған кезде - акционерлердің/акционердің кез келген ұсынылған шешіміне қатысты ұсынылады - <i>АҚ акционерлерінің/акционерінің кез келген ұсынылған шешіміне қатысты ұсынылады</i> , сондай-ақ Банкке жүгінген күнгі жағдай бойынша ұсынылады	Көшірмесі/мемлекеттік уәкілетті органның/өзге ұйымның сайтынан алынған электрондық құжат

ЕСКЕРТПЕ! Құжаттардың бұл тізбесі ең қысқартылғаны болып табылады, өтінімді қарау барысында басқа құжаттар сұратылуы мүмкін.